

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті



Тақырыбы: Неврологиялық науқастың негізгі реабилитациясы. Емдік гимнастика, физиоєм, эрготерапия кабинеттерінде жұмыс жасау.



Тексерген: Қабиева А.А.
Орындаған: Кужакулов Дон
Факультет: ЖМ
Тобы: 513 б
Курс: 5

Жоспар:

- * I. Кіріспе
- * Реабилитациялаудың негізгі принциптері
- * II. Негізгі бөлім
 - * 1. Заманға сай реабилитациялау түрлері
 - * 2. Жедел қанайналым бар науқастарды реабилитациялау уақыты
- * III. Қорытынды
- * Пайдаланылған әдебиеттер

Нейрореабилитация

- * Нейрореабилитация – комплексті емге және медициналық, медико-психологиялық, медико-педагогикалық, медико-әлеуметтік әдістерді қолданумен жүргізілетін қайта қалпына келтіру шараларына негізделген күрделі, патогенетикалық процесс болып табылады. Оның негізгі мақсаты аурудың немесе жарақаттың әсерінен болған функция бұзылысын қалпына келтіру. Бұл медицинаның жеке саласы болып табылады. Нейрореабилитация ұзақ уақыт еңбекке жарамсыздығын жоғалтқан адамдарға жүргізіледі.

Реабилитацияны қажет ететін жүйке жүйесінің негізгі аурулары:

- * Жедел қан айналым бұзылысы;
- * Бас миы және жұлынның жарақаттық зақымданулары;
- * Перифериялық нейропатиялар;
- * Вертеброгенді неврологиялық синдромдар
- * Балалардың церебральдық салдануы;
- * Шашыранды склероз;
- * Паркинсон ауруы;
- * Гентингтон ауруы;
- * Бұлшықет аурулары.

Негізгі принциптері:

- * 1.Реабилитациялық шаралардың ерте басталуы.
- * 2.Реабилитациялық шаралардың ұзақтығы.
- * 3.Реабилитацияның этаптылығы (стационар-реабилитациялық орталық-үй жағдайы).
- * 4.Кешенді реабилитация.
- * 5.Реабилитация процессінде науқас туыстарының көмегі.
- * 6.Мультидисциплинарлық.
- * 7.Адекваттылық.
- * 8.Әлеуметтік бағытталған.

Уақытылы тексеру :

- * Активті реабилитация жедел қанайналым бұзылысынан соң алғашқы 12 айда, алғашқы 6 айда өте тез жүргізілу керек. Осы периодта активті қозғалыс реабилитациясын жүргізу жақсы эффективті. Сөйлеудің қалпына келтіру, ұзартылған мерзімде-алғашқы 12 айда жүргізілуі тиіс.

Реабилитация түрлері

- * Кинезиотерапия
- * Механотерапия
- * Емдік физкультура
- * Массаж
- * Миоэлектростимуляция
- * Физиотерапия
- * Роботталған механотерапия
- * Эрготерапия
- * Психотерапия сөз коррекциясы


Локоматтар

- * Қазіргі заманғы реабилитацияның негізгі құралы – локомат болып табылады. Ол жүрісті имитирлейді. Компьютер көмегімен жүріс параметрлері (жылдамдық, қарсыласу) қойылғаннан соң, паретикалық шеткі мүшелердің біртіндеп қимыл қозғалысының дағдысын іске асырады.



Стабилометриялық платформа

- * Баланстерапия деп атаймыз. Науқастың тепе теңдік сезімділігін қалыптастырады. Бұл компьютерлік ойын болып табылады. Негізгі жұмыс істеу принципі, ауырлық орталығын бір аяқтан келесі бір аяққа ауыстыру арқылы жүргізіледі.



Кинезиотерапия

- * Кинезиотерапия – тірек- қимыл жүйесінің ауруларын емдеу үшін қолданылатын кең сұранысқа ие заманауи әдіс, еуропа елдерінде Neuras атымен кең қолданылады. Науқастың өзінің салмағын қолдану арқылы ерекшеленеді. Ем адам денсаулығына қауіпсіз.



Эрготерапия

- * Неврологияда орталық нерв жүйесінің ауруларын: инсульт, бассүйектің немесе мидың зақымдануын, поперечный паралич, шашыранды склерозды емдеу үшін қолданылады. Бұл аурулар күрделі симптоматикамен жүретін болғандықтан ем ұзаққа созылады және толық жазылу сирек болады.



Механотерапия

- * Механотерапия (греч. mechano — механизм + therapeia — ем) — емдік, профилактикалық, қайта қалпына келтіру жаттығуларының жиынтығы. Буындардың қозғалысын реттеу үшін, науқастың функциональді бейімділігін жоғарлату үшін арнайы құрылғылардың көмегімен жүргізіледі.




Вертикализатор

- * Жедел қан айналысы бұзылысы дамуының алғашқы күнінен бастап науқасты вертикальды қалыпқа ауыстыру керек. Бұл үшін арнайы құрал-вертикализаторлар қажет. Бұл құрал науқасты фиксациялаған соң, гемодинамика көрсеткіштері және науқастың жағдайына қарап, әртүрлі бұрышта горизонтальды қалыптан вертикальды қалыпқа ауыстырады.



Рефлексотерапия

* Рефлексотерапия организмнің биологиялық активті нүктелеріне әсер ету арқылы орындалатын әдістер кешені, нерв талшықтары орталықтанған жерлерге әсер ету. Бұл нүктелерді тітіркендіру арқылы организмді іс қимылға келтіреміз.. Орталық жүйке жүйесі патологияларында, омыртқа жотасы ауруларында және функциялық бұзылыстарында әртүрлі рефлексотерапия әдістерін қолданамыз.



Жазу және Оқу реабилитациясы

- * .Жеке әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді жазу.
 - * 2. Біреудің оқығанын жазу.
 - * 3. Оқыған мәтінді қайталап айтып беру.
 - * 4. Сюжетті картинканы әңгімелеу.
 - * 5. Сол қолмен жазуды үйрену (егер оң қолда қалпына келу процесі болмаса)
-
- * 1. Қарапайым сөздерді оқу
 - * 2. Сюжетті картинканы жазу
 - * 3. Газет және журналдарды қарау

Қорытынды

- * Нейрореабилитация жүйке жүйесі ауруларын емдеудің ең жақсы әдісі болып табылады. Жаңадан дамып келе жатқан сала болғандықтан, әлі оның жетпеген белестері көп. Болашақта дамып, жүйке жүйесі ауруын бастан кешірген науқастарды, мүгедектікке қалдырмай, оларды қайтадан еңбекке жарамдылын іске асырады деген сенімдемін. Өйткені жүйке жүйесі ауруы ол әлеуметтік ауру болып табылады.

Пайдаланылган әдебиеттер:

- * Реабилитация неврологических больных. А.С. Кадыков, Л.А. Черникова, Н.В. Шахпаронова. М.: МЕДпресс-информ. 2008.
- * Физиотерапия. Под ред. ВЕЙСА М., ЗЕМБАТОГО А., М.: Медицина, 2004
- * ИСАНОВА В.А., Кинезиотерапия в реабилитации неврологических больных, Казань, 2011
- * Google.ru